Степногорск қаласы білім бөлімі кеңесі отырысының
КҮН ТӘРТІБІ:

«25» 09 2025 жыл

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру.
   (ББ басшысы – Оспанова А.К.)
2. Оқушылар арасында буллингтің алдын алу. «Тәуекел тобындағы» оқушыларды бақылауға уақытылы анықтау, атаулы топтағы балалармен жұмыс жүргізу туралы (жоспар).
   (ББ әдіскері – Баязитова Г.Т.)
3. Тамақтанудың 2025 жылғы жаңа стандарты туралы. «Мектепке жол» республикалық акциясы туралы, сонымен қатар жалпыға бірдей оқыту айлығының қорытындылары туралы
   (ББ бас маманы – Бекмагамбетов А.А.)
4. Байқоныс ауылының ЖОББМ мемлекеттік аттестациядан өтуі бойынша жоспар
   (ББ бас маманы – Бекмагамбетов А.А.)
5. 2025жылғы педагогтерді аттестаттау бойынша қорытынды
   (ҚӘК меңгерушісі – Шаймерденова А.А.)
6. 9,11 сынып түлектерін оқуға жұмысқа орналастыру
   (ББ әдіскерлері – Рахимжанова К.С., Курсанова З.Б.)
7. Әртүрлі сұрақтар.

Төрайымы **А.Оспанова**

Хатшы К.Рахимжанова

Степногорск қаласы білім бөлімі кеңесі отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

«25» 09 2025 жыл

Степногорск қаласы

ҚАТЫСҚАНДАР: 21 мектеп басшылары, 9 МДҰ меңгерушілері мен білім бөлімі әдістемелік кабинет меңгерушісі АА. Шаймерденова, бас мамандар А.А. Бекмагамбетов, Б.Б. Исмагамбетова, әдіскерлер Г.Т. Баязитова, Е.И. Алипов, А.В. Чакилева, А.Ж. Кемелова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру. (ББ басшысы – Оспанова А.К.)
2. Оқушылар арасында буллингтің алдын алу. «Тәуекел тобындағы» оқушыларды бақылауға уақытылы анықтау, атаулы топтағы балалармен жұмыс жүргізу туралы (жоспар). (ББ «дәскері – Баязитова Г.Т.)
3. Тамақтанудың 2025 жылғы жаңа стандарты туралы. «Мектепке жол» республикалық акциясы туралы, сонымен қатар жалпыға бірдей оқыту айлығының қорытындылары туралы (ББ бас маманы – Бекмагамбетов А.А.)
4. Байқоныс ауылының ЖОББМ мемлекеттік аттестациядан өтуі бойынша жоспар
   (ББ бас маманы – Бекмагамбетов А.А.)
5. 2025 жылғы педа
   гогтердің аттестаттау бойынша қорытындысы
   (ҚӘК меңгерушісі – Шаймерденова А.А.)
6. 9,11 сынып түлектерін оқуға жұмысқа орналастыру
   (ББ әдіскерлері – Рахимжанова К.С., Курсанова З.Б.)
7. Әртүрлі сұрақтар.

ТЫҢДАЛДЫ:

1.1. Білім бөлімі басшысы А.Оспанова Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру жұмысын жүргізіп, Степногорск қаласы бойынша білім саласындағы білім алушылар мен педагогтердің ЖИ цифрлық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыс барысын зерделеп, Жолдауды жүзеге асыру жоспарымен таныстырды *(қосымша бар жоспар+слайд).*

СӨЙЛЕДІ:

2.1. Л.Толстой атындағы №4 мкетеп-гимназиясы басшысы Е.Макарова педагогтердің сапалық құрамы мен курстан онлайн өткендігін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

3.1. Барлық білім беру ұйымдарында мектеп ұжымымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру жұмыстары жүргізіп, Степногорск қалалық білім бөлімінің Жолдауды жүзеге асыру жоспары негізінде білім беру ұйымдарында жоспар құрылып, ақпараттық стенд әзірленіп, жоспарды жүйелі жүзеге асыруға шешім қабылдады *(Жауапты- білім беру ұйымы басшылары)*

ТЫҢДАЛДЫ:

1.2. Білім бөлімі әдіскері Г.Баязитова Оқушылар арасында буллингтің алдын алу. «Тәуекел тобындағы» оқушыларды бақылауға уақытылы анықтау, атаулы топтағы балалармен жұмыс жүргізу туралы баяндама жасап, қалалық жоспармен таныстырды *(қосымша бар слайд+жоспар)*.

СӨЙЛЕДІ:

2.2. Қ.Сатпаев атындағы №9 ЖОББМ басшысы А.Айтжанова мектепішілік бақылауда есепте тұрған балаларды есептен шығару үшін алгоритмді сұрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

3.2. Барлық білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын, балалар арасындағы құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу және оғанқарсы іс-қимыл жұмыстарын күшейту. Ақмола облысы білім басқармасының 2025 жылғы 26 тамыздағы №06-05/5722 шығыс хатына сәйкес, «Өркен» - Балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты әзірлеген «ДосболLIKE» бағдарламасын білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу мақсатында енгізу және оны сапалы жүзеге асыру бойынша жұмыстар ұйымдастырылсын.

- Полиция өкілдерін тарта отырып, ата-аналар мен оқушылармен кездесулер ұйымдастыру арқылы құқық бұзушылықтың, қорқыту, қорлау және зорлық-зомбылықтың алдын алу, сондай-ақ балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тәрбие жұмысын тұрақты бақылауда ұсталсын.

- «Қауіпті топ» оқушыларымен жоспар бойынша жұмыс жүргізіліп, осы топтағы балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды қатаң бақылауда ұстап, жауапты педагог тағайындалсын *(Жауапты- ББәдіскері Г.Баязитова, ББҰ басшылары)*.

ТЫҢДАЛДЫ:

1.3. Білім бөлімі бас маманы А.Бекмагамбетов Тамақтанудың 2025 жылғы жаңа стандарты туралы. «Мектепке жол» республикалық акциясы туралы, сонымен қатар жалпыға бірдей оқыту айлығының қорытындылары туралы баяндады *(қосымша бар слайд)*

СӨЙЛЕДІ:

2.3. А.Байтұрсынұлы атындағы №2 ЖОББМ басшысы А.Капизина Ваучер арқылы тегін тамақтанып, кейін тегін тамақтанудан шыққан балаларбы базадан шығару жолы туралы сұрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

3.3. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында іс-шараларды күнтізбелік жылдың соңына дейін жалғастыру.

- Әлеуметтік осал санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсетуді тұрақты бақылауды қамтамасыз ету.
- Балаларды қолдауға демеушілерді, қайырымдылық қорларын, әлеуметтік серіктестерді және бизнес-құрылымдарды тарту жұмыстарын күшейту.
- Білім беру ұйымдарына бөлінген бюджет қаражаты мен қайырымдылық көмегін мақсатты әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.
- Білім бөлімдеріне халықты акцияға қатысу мүмкіндіктері туралы бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілер арқылы кеңінен хабардар етуді ұйымдастыру.
- Білім беру ұйымы басшылары мекемедегі ыстық тамақтың ұйымдастыырыуын қатаң бақылауда ұстасын *(Жауапты – ББ бас маманы А.Бекмагамбетов, ББҰ басшылары)*

ТЫҢДАЛДЫ:

1.4. Білім бөлімі бас маманы А.Бекмагамбетов Байқоныс ауылының ЖОББМ мемлекеттік аттестациядан өтуі бойынша жоспары мен атқаралып жатқан іс-шаралар туралы түсіндірді (қосымша бар)

СӨЙЛЕДІ:

2.4. Байқоныс ауылының ЖОББМ басшысы Бердигул Сануар педагогтердің онлайн курстан өтуін және жоспарлы курстар туралы сұрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

3.4. Байқоныс ауылының ЖОБММ басшысы Б. Сануар мектептің өзін-өзі аттестаттау құжаттарын уақыты, жүйелі дайындап, білім беру ұйымының арнайы сайтына жүктесын *(Жауапты – ББ бас маманы А.Бекмагамбетов, ББҰ басшылары)*

ТЫҢДАЛДЫ:

1.5. Қалалық әдістемелік кабинет меңгерушісі А.Шаймерденова 2025 жылғы педагогтердің аттестаттау бойынша қорытындысын жасап, ақпараттық-түсіндірме жасады (қосымша бар).

СӨЙЛЕДІ:

2.5. А.Құнанбайұлы атындағы №6 мектеп-гимназиясы басшысы Н.Аяған декреттік демалыстан шыққан педагогтің біліктілік санатын ұзарту туралы сұрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

3.5. - Жылдық жоспар негізінде «Әдістемелік көпір» қалалық іс-шараға сапалы дайындық жүргізсін *(Жауапты - Шаймерденова А.А., Білім беру ұйымы басшылары)*

- Қорытынды аттестация хаттамасы негізінде тәртіптік жаза қолданылсын. *(Жауапты - Кемелова А.Ж, білім беру ұйымы басшылары)*

ТЫҢДАЛДЫ:

1.6. Білім бөлімі әдіскері Курсанова З.Б. 9,11 сынып түлектерін оқуға жұмысқа орналастыру бойынша баяндады.

СӨЙЛЕДІ:

2.6. Қырық құдық ауылының ЖОББМ басшысы Е.Темирбек 9 сынып оқушысының оқуға орналаспауы бойынша құзырлы органдарға хат жорлданғанын айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

3.6. – Степногорск қаласы білім бөлімінің 2025 жылғы 29 тамыздағы №257/06-040 шығыс хаты негізінде түлектердің оқуға, жұмысқа орналасу есептерін уақытылы тапсырсын *(Жааупты - Білім беру ұйымы басшылары);*

- Түлектердің оқуы мен жұмысы туралы анықтамаларда анықтама берген ұйымның мөрі мен шығыс номерінің болуын қадағаласын *(Жауапты - ББҰ басшылары);*
- 30 қыркүйекке дейін шетел ЖОО түскен түлектер туралы толық ақпаратты ұсынсын *(Жауапты - Курсанова З.Б. ББҰ басшылары).*

Кеңес төрайымы **А.Оспанова**

Хатшы К.Рахимжанова